


ДАК ШЕЛКИЧ

ISSN 0234 - 6318 № 9 ҚЫРКУЙЕК 1996



— Иә. Дұрыс айтасың, бауырым. Сөздің ретіне орай... Эйтпесе, шыңылтыр аязда бағананың басында қатып қалсам ше?! Бұған да шүкір... Айдалада қасқырлар жеп кетсе қайтем? Балалардың бағына шыгар. Несіне нағыстанам...

Әлгіндең әңгімесің қайтадан сабак-тапуын тықырши күткен менің ма-засызданған кейілімді сезе қойған ол жан қалтасынан беторамалың алып қашанғы ғадетінше тершіген мәндайын сүртті.

— Сонымен аға...

— Сағызыла созып ішімді көгерптің-ай деп отырсың-ау, осы.— Менің сөзімді кілт үзген ол ән салатын кісіште тамағын қырнап, баптап алды. — Е... е... бауырым... Темір жол бойындағы желінің ақауын екі тәүлік сүзіп жүріп зорға таптым. Күн үясына қонақтамай жөндегім келіп, құрал-сайман салған қанжығамды тастап жоғары өрмеледім. Эне-миңе бітіремін дегенім бекер болды. Оның үстіне сақылдаған сары аязда қолымды қарыған сым темір үстаптай, жұмысым созылып кеткен. Әуелден-ақ бір пәлеге бастаған-ау... Өйтіп-бүйтіп ілдәлдалап төмен түсіп келе жатқанымда, бағананың түбінде шоқылып отырған екі қасқыр итті көзім шалды. Жоқ! Ит емес — қасқырлар! Іле-шала... құйрықтарын бүттарына қысқан үш-төртеуі шоыны жолды қуалаган қар жалдарының тасасынан бірінен соң бірі шыққан сүмендеп. Жалма-жан бағананың басына қайта көтерілдім...

Өзімді-өзім үстай алмай:

— Жол торыған аш қасқырлар болды гой, шамасы,— дедім.

Басын шұлпылып қойған Әнуар аға әңгімесін асықтай ербіте берді.— Таяқ тастам жерден тәніректі солқылдағып жүк пойызы өтті. Ұбақ-шұбақ пойыздың соңғы вагоны бұлыңдай түсісімен, әлгінде бытырай жылыстаған қасқырлар қайта жиналған. Осы жолы қараңыза қарауытқан қасқырларды санап үлгердім. Бесеу! Бес қасқыр! Асып-сасып жүргендеге қолғабының бір сыңарын түсіріп алғыппын. Бағанадағыда емес, денем ысыған тәрізді. Әлде қорықканнан ба?! Ап, керісінше қос қолым бірдей тырысып қалыпты. Жаураған саусақтарым серейіп біркілдейді-ау. Сыңар қолғапты алма-кезек ауыстырып, қолымды қой-

ныма тығамын. Аяздың күшіне енгінін шуылдаған сымдардың то-лассыз ызыны анық байқатады. Жер түбінен кекті тілтілеген пой-ыздың жарығы көрінеді. Біртебірте жақындаған пойыз шамының өткір сәулесіне қарай қулақшынымды шешіп алып бұлғай бастадым. Үміт қой, әйтеүір. тарсылдаған пойыз тағы да зуыл-дап өте шықты. Қөзіме жас үйріл-гендей. Дәрменсіздіктен төменге жанар жүгірттім. Ондағы ойым «Пойыздың зор үнінен үріккен қасқырлар кетіп қалар...»

Бағананы торуылдаған от шаш-қан жаңарлар қисасыз бол шалын-ды. Екі аяғымдағы шынжырлы үшір темірді шегелей айқастырып, белімдегі қайыс белдікті мықтап тарттый. «Тағдырдың құрығынан кім қашып құтылған! Қасқырлардың жемтігіне айналып қор болғанша, ақ, әдал өлгеним артық. Сабылып ізdemей, ертең күндіз оғ-ондай тауып алар...» Басымды күпәйкемін, ішіне бүркеп, қолымды қымтанаң-қырап бағана басында үйшіттәуды ойладым... Бірақ... Қайдагы үй-кы...

— Өмірде не болмайды деген осы екен-ау, — дедім қинала-қинала.

— Адам айтса сенгісіз жәйт емес пе?! Таға жуық Шалқар жақтан келе жатқан пойыздың машинисі сонарадыдан бағана басын-дағы мені көріп қалып, жыл-дамдығын тежейді. Сонда барып қасқырларды байқайды да бажыл-датып гудокты береді-ай! Аш тұз тағылары тым-тырақай қашады. Тіпті, бұратыпған екеуін жүргізу-шілер соылмен-ақ құлатады. Көрер жарағым бар екен. Сіресіп қалған мені бағана басынан әрен, түсіріп алған олар аудан орта-лығындаға ауруханага жетізеді. Еміс-еміс есімді келер күні жигандада дәрігерлерден үсік шалған екі саусағымды кесіп тастағанын ес-тідім... Жазылмайтын мына сыр-қатты да сол жолы таптым. Сейтіп, әйтеүір ағаң бір ажалдан қалды гой, бауырым...

...Менің көз алдыннан қасқырлар күзеткен аязды түннің сұық суреті үзак үақыт кептей қойған...

ҚАСҚЫРЛАР КҮЗЕТКЕН ТУН

— Бұл оқиға Шалқар — Ақтөбе темір жол торабы бойында болған. Ұмытпасам қақаған қаңтар қундерінің бірі еді,— деп әңгімесін асықтай бастаған байырғы монтер сол қолының алақаңын жайып, саусақтарын көрсетті.— Мінеки бауырым, аязды түннің таңбасы...

Қапелімде не дерімді білмей аб-дираپ қалғаным рас. Екі бірдей саусағы жоқ екен. Бір палатада қатар жатқанымызға оншақты күн болса да байқамаптын-ау. Қол-аяғы балғадай енгезердей жігіт ағасының әкіншін пәсендөу шыққан үні ап-анық сез-діргендей. Жұбанышты ойымды өзімше астарлап жеткізуге үмтүл-дым:

— Әнуар аға, «тұяғы бүтін тұлпар жоқ» деген гой бабаларымыз. Шыл-дыр шұмек пен кішкене бөбексіз де сіздің сүріктей бойындыдан еш мін біліне қоймас. Дененіз сау болсын ендігі жерде.